

6 Ибраева А.С., Ибраев Н.С. Теория государства и права. Алматы: Жеты жаргы, 2003. - 432 с.

7 Гревцов Ю.И. Правоотношение – разновидность общественного отношения: автореф. дисс. на соискание уч. степ. канд. юрид. наук. - Л., 1975. – 234 с.

8 Сивкова Л.А. Субъективное право (Общетеоретические вопросы). – Автореф. дисс. на соискание уч. ст. канд. юрид. наук. – Л., 1986. – 25 с.

9 Керимов Д.А. Психология и право // Государство и право. - 1992. - № 12. – С. 4-7.

*М. С. Данишбаева*

## **САЯСИ – ҚҰҚЫҚТЫҚ ІЛІМДЕР ТАРИХЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ТУРАЛЫ ИДЕЯЛАР**

Адам баласы көне заманнан бері мемлекет пен жеке адамның қарым-қатынасындағы олардың мүдделерінің қисындасуының оптимальды нысанын іздеуде. Идеалды нұсқасын алсақ, жеке адам бірінші орында болуы тиіс, ал халықтың жағдайы мемлекет үшін, жоғарғы заң ретіндегі міндет болуы керек. Дегенмен, тәжірибеде бәрі бірдей, ондай жоғарғы идеалдар жете алмаған және көбінесе төмендеу мақсаттарға тоқтаған – мемлекеттің және ашық биліктегі жекелеген топтардың пайдасы үшін. Осыған орай, Аристотель екі түрдегі басқаруды бөліп айтқан, олардың біреуі басқарушының пайдасына, басқасы – қоғам мүшелерінің мүддесіне бағытталғанын көрсеткен.

Мемлекет – басқалардай әлеуметтік институт, оны әртүрлі мақсаттарда, әртүрлі пайдалануға болады. Ол кейбір саяси элиталарға, партияларға және топтарға қызмет ете алады, бірақ барлық қоғам үшін де әрекет жасай алады. Бірінші кезде, ол «басшының» ролінде көрінсе, екіншісінде – «қызметші» ролінде бола алады. Мемлекет әртүрлі құбылыс сияқты, өмірлік әрекетке тек жақсылық әкелуге ғана қабілетті емес, оған қоса жамандық та әкеледі (бюрократизм, билікті асыра пайдалану, коррупция, террор т.с.с.). Қандай болмасын билік, әсіресе мемлекеттік, өзінің меншікті шекарасын білмейді, әр уақытта, билік кеңістігін шексіз кеңейткісі келеді, ондай жағдай, сол жолмен, жеке адамның мүддесіне зиян келтіреді. Сондықтан, В.Г. Белинский ондайдан сақтандырып былай деген: «ни одна страсть не стоила человечеству столько страданий и крови, как властолюбие» десе, «Каждый человек – по Расселу - изначально наделен двумя связанными, но не тождественными страстями – стремлением к власти и славе. Обе страсти ненасытны и бесконечны» [1].

Адамдар мынандай мәселелерді көбірек ойлауға көше бастады: мемлекеттің «қызметші» болудан, «басқарушы» болуға өткізбейтіндігін, қалай ұйымдастыру керек, қандай күшпен оның энергиясын, күшін, билікті жалпыға бірдей жақсылыққа бұруға болады деген сұрақтарға жауап іздеді. Бұл сұрақтарға әртүрлі жауап беретін, кең көлемдегі амплитуда, ой-пікірлер жеткілікті. Кейбір оқымыстылардың айтуы бойынша, принципиальды түрде ондай жағдайға еш нәрсені қарсы қоюға болмайды. Л.Н. Толстойдың жазғанына қарасақ, ол туралы былай дейді: «сколько не придумывали люди средств для того, чтобы лишить людей, стоящих у власти, возможности подчинять общие интересы своим или для того, чтобы передавать власть только людям непогрешным, до сих пор не найдено средств для достижения ни того, ни другого...» [2]. Басқа ғалымдар да содан бастап мемлекеттік билікті жалпы айтқанда тежеуге болмайтындығын айтады. Ондай идеялар этатистікке («этатизм» - француз сөзінен «мемлекет») жатады. Себебі, олар әр уақытта мемлекетті құқықтан жоғары қояды және құқық жағынан мемлекеттік билікті қатаң тәртіпке қояды жоққа шығарады, оның нәтижесінде, тәжірибе көрсеткендей, саясат экономикамен рациональды қарым-қатынастың шекарасынан өтеді және басқа да, қоғам өмірін ұйымдастырушы жүйелермен, әлеуметтік аяны мемлекеттендіру жүргізіледі.

Үшінші көзқарастар бойынша мемлекеттік билікті көбірек тежеу идеясын қолдап, әрі қарай оны жойып, саяси сахнадан ығыстыруды көздейді. Өйткені, бұл биліктен жеке адамға қауіптілік барлығын уағыздайды. Мұндай көзқарастар, тек анархизмге тән нәрсе. «анархизм» - грек тілінен «биліксіз» деген мағынаны береді – саяси ағым, мақсаты мемлекеттілікті жойып, орнына ерікті азматтардың ассоциациясын құру.

Төртінші топтағы ғалымдардың пікірінше, олар мемлекеттік билікті алып тастауға қарсы, себебі, онсыз мүмкін еместігін айта келіп, мемлекетті абсолютке айналдырып, оның әлеуметтік-құқықтық тексеруге көнбейді деген идеологтарға қарсылығын білдіреді. Мұндағы әңгіме, құқықтық мемлекет концепциясының өкілдеріне мемлекеттік билікті ұйымдастырудағы құралды құқық деп атайды. Соған байланысты, құқықтық мемлекет идеясы, әртүрлі идеологтардың бірден – бір өзіндік жақындастыру формасы болады, яғни көне ғалымдар ұсынған «алтын орта» болды.

Құқықты қоғамдық өмірде бекіту идеясы, адам баласының тарихында алғашқы мемлекеттіліктің пайда болу кезеңінен басталады. Құқық өзінің пайда болғанынан бастап, тек қоғамдық қатынастарға ықпалдығымен ғана көрінбей, мемлекеттік биліктің жөнді қызмет жасауын қамтамасыз ететін құралы

ретінде көрінді. Құқықтың көмегімен әлеуметтік қатынастарды тәртіпке келтіру үшін, мемлекет заң нормаларын шығаруға міндетті болды[3]. Сонымен, көне заманнан бастап, билік пен құқықтың байланыстылығын дәлелдейтін принциптер, формалар ізделе басталды. Жалпы алғанда, құқық және мемлекет туралы идеялар қалыптасып, құқық биліктің қолдауымен билік беруші күшке айналды. Мемлекетті көпшілік-биліктің ұйымдастырушысы ретінде түсіну, құқықтық мемлекеттің негізгі идеясы [4].

Құқықтық мемлекет туралы идеялар кешірек – буржуазиялық революция мен жаңа құрылымның бекітілген кезінде пайда болды. Көп жағдайда, ескі қайнар көздерге сүйене отырып Ш. Монтескье, Дж. Локк, Т. Гоббс, Ж.Ж. Руссо, А.Н. Радищев және басқалар, мемлекет пен құқық мәселелерінің қарым-қатынасын жарыққа шығарып, одан көптеген діни көзқарастарды босатты.

Құқықтық мемлекет теориясының философиялық негізін И. Кант салды, ол мемлекетті: объединение множества людей, подчиненных правовым законам, и считал, что законодатель должен руководствоваться требованием: «чего народ не может решить относительно самого себя, того и законодатель не может решить относительно народа». И. Канттың бұл еңбегі, құқықтық мемлекет концепциясының әрі қарай дамуына үлкен көмегін тигізді. Оның идеяларының ықпалымен Германияда жоғарғы деңгейдегі бағыт қалыптасты. Оны жақтаушылардың қатарында: Р.Моль, В. Велькер, Р. Гнейст т.б. болды. Олардың еңбектерінің арқасында құқықтық мемлекеттің идеялары терминологиялық белгілілік алып, кең таралуға мүмкіндік алды.

Россияда бұл концепция көптеген ғалымдардың еңбектерінде әрі қарай дами түсті. Ондай ғалымдарға, либеральды мектептің ғалым-заңгерлері жатады: Б.Н. Чичерин, П.И. Новгородцев, М.М. Ковалевский, Б.А. Кистьяковский. Бұл темаға арнайы еңбек жазғандарға: В.М. Гессен, С.А. Котляревский жатады. Бұл идеяның екінші тууы қазіргі өмірде, диктаторлық авторитарлық режимдердің күйреу кезінде Германияда, Италияда, Испанияда, Португалияда қолдау тапты.

Құқықтық мемлекеттің әлеуметтік негізін құраушы өзін-өзі реттейтін - азаматтық қоғам. Ол қоғамдық прогрестің иелері – бос азаматтарды біріктіреді. Мұндай мемлекеттің ортасында өзінің әртүрлі мүдделерімен адам тұрады. Құқықтық мемлекеттің негізі – Конституциясы. Онда мемлекеттік және қоғамдық өмірдің құқықтық принциптері көрсетілген. Мемлекеттің ешқандай құқықтық актілері Конституцияға қайшы келмейді. Конституцияның артықшылығы – құқықтық мемлекеттің бөлінбейтін бөлігі. Сондықтан құқықтық мемлекет - Конституциялық мемлекет. Қоғамдық санамен құқықтық мемлекет, мемлекеттің сондай типі (кейпі) ретінде қабылданады, оның билігі құқыққа негізделген, құқықпен тежеледі және құқық арқылы іс жүзіне асырылады. Бірақ ондай ойлау, дұрыс болса да, құқықтық мемлекеттің феноменін бірдей түсінуге жеткіліксіз, себебі ол өте қиын көп факторлы жүйе.

Құқықтық мемлекеттің идеялары бойынша, оның екі маңызды элементін (бөлігін) бөліп қарауға болады:

- 1) адамның бостандығы, оның құқығын көбірек толық қамтамасыз ету;
- 2) құқық пен мемлекеттік билікті тежеу;

Философиялық жағынан, бостандық, өзінің мүддесіне сай, объективті танымдық қажеттілікке сүйеніп, әрекет ете алатын адамның қабілеттілігі болуы мүмкін. Құқықтық мемлекетте адам үшін, оның заңды бостандық жағдайын жасап, өзіндік құқықтық ынталандыру механизмін құруы қажет, себебі, соның негізінде «не запрещенное законом дозволено» [5] деген принцип жатыр.

Адам шын мәнісінде, бостандықтағы автономды субъект ретінде, өзінің күшімен, қабілеттілігімен, мүлкімен, ұятымен өмір сүруге тиіс. Қазіргі кезде адамның құқығы туралы мәселелер халықаралық, мемлекетаралық деңгейге көтерілді, бұл жағдай, оның мемлекет мәселелерінен артықшылығын дәлелдейді, олардың жалпы ұлттық сипатын куәландырады. Олар, ұлттық-құқықтық жүйелерде, құқықтық реттеуде бастаушы роль атқарады.

Адам құқығы және құқықтық мемлекет, жалпы пайда болу заңдылықтарымен және қызмет етуімен сипатталады, себебі, олар бір «байлауда» ғана өмір сүре алады және тиімді әрекет ете алады. Мұндай жағдайда, адам мен мемлекетті біріктіретін тетік құқық болуы міндетті екенін куәландырады, ал олардың арасындағы қарым-қатынас – нағыз құқықтық [6].

Құқықтық тежеудің қажеттілігі сонда, жеке адамның биліктегі жетімсіздігі, мемлекеттік биліктің үлкен қателігіне айналып кетпеуі үшін қажет. Құқықпен тежелетін жеке адамға, басқарушы ықпал жасайтын мемлекеттік құрылымдар жағынан емес, тек негізсіз және құқыққа қарсы, азаматтардың мүдделеріне зиян келтірілуіне байланысты. Сондықтан, демократия жағдайында құқық мемлекетпен «орындарын ауыстырады» - мемлекетпен біріншінің үстемдігі бекітіледі және құқық мемлекеттен жоғары тұрады [7]. Сонымен құқықтық мемлекеттің мынандай анықтамасы ұсынылады: «Правовое государство – это организация политической власти, создающая условия для наиболее полного

обеспечения прав и свобод человека и гражданина, а также для наиболее последовательного связывания с помощью права государственной власти в целях недопущения злоупотреблений».

Қазіргі кезде, теоретиктер мен тәжірибелі ғалымдардың арасында нақтылы мақсат тұр, ол құқықтық мемлекет туралы нақтылы концептуальды анықтама құрастыру, себебі, құқықтық мемлекетті тек заңдылық пен құқықтық тәртіпке жатқызу мүмкін емес деген пікірді С.А.Комаров ұсынады [8]. Ал В.Н. Кудрявцев және Лукашеваның пікірлері бойынша, құқықтық мемлекетті қалыптастыру, өмірге біртіндеп, бірнеше негізгі принциптерді жүргізгенде ғана қалыптасады. Ол принциптерге: барлық қоғамдық өмірдің аясында заңның үстемдігі, заңмен мемлекеттің өзі және оның органдарының байланыстылығы, жеке адамның бостандығының тұрақтылығы, оның құқығы мүдделері, ары мен ождананың сайлығы, олардың қорғалуы және кепілдігі; мемлекетпен жеке адамның арасында бір-біріне деген жауапкершілік; заңдардың және басқадай нормативті-заңды актілердің іс жүзіне асырылуын тексеретін тиімді нысандардың болуы.

А.И. Лукьянов, құқықтық мемлекеттің ерекшелігін бөліп алып, оның өзін-өзі заңмен, ең алдымен Конституциямен тежейтіндігін, ондағы өзі кіріспейтін принциптер мен аяларды белгілейтіндігін көрсетеді. Құқықтық мемлекеттің тұрақты Конституциясы және әртүрлі сапаларға бөлінген заңдар жүйесі бар, көрсетілген мақсаттарды орындауды қамтамасыз етуге қабілеті бар, жөнге келтірілген механизімі бар, сонымен бірге, тек заңға бағынатын және елдегі құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге құрылған арнайы органдардың жиынтығын құрайды.

Б.М. Лазаревтың пікірінше, құқықтық мемлекеттің белгілі сапалығы бар: біріншіден, өзінің қызметін іс жүзіне асыру үшін құқықты заңдарды кең түрде пайдаланады; екіншіден, мемлекет оның барлық лауазымды және органдары мемлекетпен байланысты, мемлекеттік билік заң негізінде іс жүзіне асырылады. Әрине, жоғарыдағы келтірілген құқықтық мемлекеттің сипаттамасы, оның ең маңызды жақтарын көрсетеді: барлық қоғамдағы және мемлекеттегі қатынастар жүйесі міндетті түрде құқықтық бастаумен құрылуы қажет. Құқықтық мемлекетті құру үшін ең алдымен, терең сіңіп кеткен формальды – догматикалық, құқықтық қызметті толық емес қабылдау, яғни, нағыз құқықтың орнына нормативті шешімдер жіберіледі, олар өз жағынан, қоғамның принципіальды бағалылығымен, оның дамуының қажеттілігімен есептеспейді. Мұндай жағдай теорияда ғылыми ойларға, шығармашылыққа кедергі жасайтыны сөзсіз. Бүгінгі күні, заң ғылымы гуманизм идеяларына және жалпы адам баласының бағалы жақтарына сүйене отырып, жаңа демократиялық құқықтық ойларды, мәдениеттің бір бөлігі ретінде тауып, оның ортасында құқығы мен мүддесі бар адам тұруы қажет деп ойлаймыз. Қорыта келіп, мынандай анықтама беруге болады: «Правовое государство есть форма осуществления народовластия, политическая организация граждан, функционирующая на основе права, инструмент защиты и обеспечения прав, свобод и обязанностей каждой личности» [9].

Осы туралы В.В.Лазарев айтқандай, құқықтық мемлекеттің қалыптасуы, сайып келгенде құқықтық мемлекеттің құрылуын аяқтау, адамның бостандығы мен құқығын қамтамасыз етумен тікелей байланысты, мемлекеттің азамат алдындағы, азаматтың мемлекет алдындағы жауапкершілігінің сақталуы шарт.

1. Власть. Очерки современной философии Запада. - М., 1989 г. - С.163.
2. Толстой Л.Н. Царство божие внутри нас // Пол. собр. соч. - М., 1957 г. Т.28 - С.132.
3. Ворошилин З.А. Идеи правового государства в истории политической мысли // Полит. курс лекций. - М., 1993 г. - С.33-34.
4. Нерсисянц В.С. Идеи и конструкции правовой государственности: история и современность // Соц. прав. гос-во концепция и пути реализации. - М., 1990 г. - С.7.
5. Матузов Н.И. // Сов. государство и право. - 1989 №8.
6. Теория государства и права (курс лекций). - М., - 2001, - С.253.
7. Теория государства и права (курс лекций). - М., - 2001, - С.254.
8. С.А.Комаров Общая теория государства и права, - М.,-1996. - С.133.
9. С.А.Комаров Общая теория государства и права, - М.,- 1996. - С.135.